

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PHILOLOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2025-4-211-217

ӘОЖ 340.113.1

ҒТАМА 10.01.33

ЗАҢ МӘТІНДЕРІНДЕ ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Д.Ш. Капезов¹, С.Ж. Жуанышпаева², М.С. Ауганбаева², А.Е. Аубакирова^{2*}

¹*Тұран-Астана университеті, Астана, Қазақстан*

^{2*}*«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Петропавл, Қазақстан*

**Хат-хабар үшін автор: aidaaybakirova@mail.ru*

Аңдатпа

Қазақстан Республикасында заң мәтіндеріндегі терминологияны біріздендіру бағытында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, мемлекеттік тілдегі заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерде терминдерді аудару барысында бірқатар кемшіліктер байқалады. Авторлар бұл өзекті мәселені талдай отырып, заң мәтіндеріндегі қайшылықтар мен сәйкессіздіктер көбіне тілдік және терминологиялық бірізділіктің болмауынан туындайтынын айқындайды. Тәуелсіздік кезеңінен бастап ұлттық заң тілін дамыту ерекше маңызға ие болып, оның қолданыс ауқымы кеңейіп келеді. Алайда мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің сапасы мен түпнұсқалық сәйкестігі әлі толық қамтамасыз етілмеген. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жолдауында құқықтық нормалардың қазақ және орыс тілдерінде мағыналық жағынан барабар берілуі конституциялық заңдылықтың басты шарты екендігі атап өтіледі. Мақалада қазіргі заңнамалық актілерді салыстыра талдау арқылы сөзбе-сөз аудармадан туындайтын заңдық-тілдік қателіктер анықталып, олардың себептері қарастырылады.

Кілт сөздер: құқық, қылмыстық, кодекс, заң, аударма.

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕРМИНОВ В ЮРИДИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

Д.Ш. Капезов¹, С.Ж. Жуанышпаева², М.С. Ауганбаева², А.Е. Аубакирова^{2*}

¹*Университет Туран-Астана, Астана, Казахстан*

^{2*}*НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан*

**Автор для корреспонденции: aidaaybakirova@mail.ru*

Аннотация

В Республике Казахстан проводится масштабная работа по унификации юридической терминологии, однако в ряде нормативных правовых актов сохраняются ошибки и несоответствия, связанные с переводом терминов на государственный язык. Авторы рассматривают данную проблему и приходят к выводу, что значительная часть противоречий и смысловых расхождений в казахских и русских версиях законов возникает вследствие отсутствия стабильной терминологической системы. После обретения независимости развитие национального юридического языка приобрело особую актуальность, однако обеспечение аутентичности двуязычных текстов закона остаётся нерешённым вопросом. В Послании Конституционного Совета Республики Казахстан подчёркивается, что режим конституционной законности возможен лишь при семантическом соответствии правовых норм на казахском и русском языках. В статье проводится сопоставительный анализ действующего законодательства и рассматриваются типичные ошибки, возникающие из-за буквального перевода юридических терминов.

Ключевые слова: право, уголовный, кодекс, законодательство, перевод.

THE USE OF TERMS IN LEGAL TEXTS

D.Sh. Kapezov¹, S.Zh. Zhuanyspayeva², M.S. Auganbayeva², A.E. Aubakirova^{2*}

¹*Turan-Astana University, Astana, Kazakhstan*

^{2*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: aidaaybakirova@mail.ru*

Abstract

Extensive work is being carried out in the Republic of Kazakhstan to unify legal terminology; however, inconsistencies and inaccuracies in the translation of terms into the state language remain in many normative legal acts. The authors argue that contradictions between the Kazakh and Russian versions of legal texts largely stem from the lack of terminological uniformity. Since independence, the development of the national legal language has gained importance, yet the authenticity and semantic equivalence of bilingual legal texts have not been fully ensured. The Message of the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan states that constitutional legality can be guaranteed only when legal norms in both languages are formulated equivalently in meaning. This article provides a comparative analysis of current legislation and highlights typical errors resulting from literal translation of legal terminology.

Keywords: law, criminal, code, legislation, translation.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында құқықтық жүйені жетілдіру, заңнамаларды жаңарту және оларды біріздендіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік тілдің мәртебесі айқындалып, заң мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларының мағыналық тұрғыдан тең болуы басты қағидат ретінде белгіленген [1]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құқықтық ұстанымдарында заң нормаларының екі тілде бірдей түсінікті әрі барабар берілуі конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі шарты екендігі ерекше атап көрсетіледі [2].

Алайда, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерін дайындау барысында терминологиялық сәйкессіздіктерге, мағыналық бұрмалануларға және сөзбе-сөз аудармадан туындайтын қателіктерге жиі жол беріліп жатады. Мұндай олқылықтар тек тілдік кемшілік ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде де нақты қиындықтар туғызады. Осыған байланысты мақалада ең алдымен қылмыстық, қылмыстық-атқару және әкімшілік құқық салаларындағы жиі кездесетін терминологиялық сәйкессіздіктер зерттелді, бұл тәсіл зерттеу нәтижелерін нақты мысалдар арқылы көрсетуге мүмкіндік берді.

Авторлар осы мәселені назарға ала отырып, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндеріндегі қайшылықтар көбіне терминологиялық бірізділіктің сақталмауынан туындайтынын атап көрсетеді. Заң нормаларының дәл әрі түсінікті болуы – құқықтық қатынастардың дұрыс реттелуінің басты шарты. Ал ұғымдардың әртүрлі аударылуы немесе мағынасының дұрыс берілмеуі құқық қолданушылардың түсінігін қиындатып, құқықтық нормалардың мазмұнын бұрмалайды.

Ұлттық заң тілі – әр халықтың мемлекеттік дербестігін айқындайтын басты белгілердің бірі. Әсіресе, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ тілін құқықтық салада дамытуға ерекше мән берілуі тиіс болды. Қоғам дамып, жаңа құқықтық институттар қалыптасқан сайын заң тілінде де жаңа атаулар пайда болып, терминологиялық қор кеңеюде. Дегенмен, осы үдеріс бақылаусыз жүргізілсе, бірізділік сақталмайды, нәтижесінде ресми-құқықтық стильге жатпайтын жасанды сөздер, дәлдігі төмен қолданыстар көбейеді.

Сонымен қатар, қазіргі қолданыстағы заңдарда сөзбе-сөз аударылған сөйлем құрылымдары жиі кездеседі. Мұндай сөйлемдер қазақ тілінің табиғи синтаксисіне сай келмей, ойды күрделендіріп, ресми мәтіннің мазмұнын қабылдауды қиындатады. Авторлар заң мәтіндерінде құқықтық нормалардың мәнін бұрмалауға әкелетін дәл осы мәселелерге тоқталып, оларды жүйелі түрде талдауды мақсат етеді.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ тіліндегі құқықтық мәтіндердегі терминологиялық сәйкессіздіктерді анықтау және жүйелеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Терминологиялық қайшылықтардың себептерін талдау.
2. Қолданыстағы заңнамалардан нақты мысалдар келтіру.
3. Біріздендіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі: Қазақ және орыс тілдеріндегі құқықтық мәтіндер.

Зерттеу пәні: Қылмыстық, қылмыстық-атқару және әкімшілік құқық салаларындағы терминология.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстан заңнамасындағы терминологиялық сәйкессіздіктердің пайда болуына ықпал ететін бірнеше негізгі фактор бар. Ең алдымен, мемлекеттік тілдегі құқықтық терминологияның қалыптасу үдерісі әлі де жүйелі сипат ала қоймаған. Құқық саласындағы көптеген ұғымдардың орныққан, жалпыға ортақ қабылданған баламалары жоқ немесе олар әртүрлі заңнамалық актілерде әрқалай беріліп келеді. Мұндай жағдайларда аудармашылар мен заң мәтіндерінің әзірлеушілері терминдерді өз қалауынша қолдануға мәжбүр болады, бұл сөздердің мағынасы мен қолданылу аясының тұрақсыздығына әкеледі.

Екінші бір себеп – орыс тіліндегі түпнұсқа мәтінге шамадан тыс сүйену. Қазақстандағы заңнамалардың басым бөлігі тарихи себептерге байланысты орыс тілінде дайындалып, кейін қазақ тіліне аударылып келді. Мұндай калька сөйлемдерді ұзақ әрі түсініксіз етіп көрсетеді. Соның салдарынан аударма мәтіндерде калькалық құрылымдар, сөзбе-сөз аударылған тіркестер, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сай келмейтін сөйлем үлгілері жиі кездеседі. Мысалы, «Бұл құқықтар мен міндеттер әрбір азаматқа тиісті болып табылады» Мұндағы «болып табылады» – орыс тіліндегі «является» сөзінің калькасы. Табиғи қазақ тілінде: «Бұл құқықтар мен міндеттер әрбір азаматқа тиесілі». Сөзбе-сөз аударылған тіркес: «открытость и прозрачность», қазақша (калька): «ашықтық және ашықтық», табиғи қазақша: «ашықтық және айқындық», ал құрмалас сөйлемде: «Азаматтық процестік кодекстің 12-бабына сәйкес, сотта тараптар өз дәлелдерін ұсынған жағдайда ғана сот барлық қажетті шараларды қолдануға құқылы». Табиғи қазақ тілінде: «Азаматтық процестік кодекстің 12-бабына сәйкес, сотта тараптар дәлелдерін ұсынған кезде ғана сот барлық қажетті шараларды қолдана алады». Мұндай мәтіндер құқық саласындағы нақты ұғымдарды дәл бермей, мағыналық бұрмаланулар тудырады.

Үшіншіден, құқықтық терминдерді қалыптастыруға қатысатын мамандардың тілдік және салалық білім деңгейінің арасында алшақтық болуы мүмкін. Лингвистер мен заңгерлердің бірлесіп жұмыс істемеуі салдарынан жаңа терминдер кейде ғылыми негізсіз, тек аудармалық тәсілмен жасалып, функционалдық қолданысқа сәйкес келе бермейді. Термин жасау барысында тілдің ішкі мүмкіндіктері ескерілмей, дайын халықаралық немесе ресейлік үлгілерді қабылдай салу тенденциясы да байқалады.

Сонымен бірге, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде қолданылатын әдістемелік талаптардың бірізді болмауы да мәселені күрделендіреді. Әртүрлі

мемлекеттік органдар өз құзыретіндегі заң жобаларында терминдерді әртүрлі стильде қолдануы мүмкін, бұл жалпы заңнамалық кеңістіктің үйлесімділігін бұзады. Терминдердің бірқалыпты пайдаланылмауы олардың құқықтық мазмұнын нақтылауды қиындатып, заңды түсіндіру мен қолдану барысында әрқилы ұғым беруге жол ашады.

Осы факторлардың барлығы жинақтала келе, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің сапасына тікелей әсер етеді. Терминологиялық жүйесіздік құқық нормаларының мәнін түсінуге кедергі келтіріп қана қоймай, құқықтық тәжірибеде әртүрлі түсіндірмелердің пайда болуына әкеледі. Сондықтан заңнамаларды әзірлеу және аудару барысында салалық үйлестіруді күшейту, терминдерді бекітудің бірыңғай механизмін қалыптастыру және тілдік нормаларды сақтау аса маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістері:

- Салыстырмалы-құқықтық талдау (ҚР ҚК, ҚР ҚАК, ҚР ӘҚБК).
- Лингвистикалық аударма талдауы.
- Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелі зерттеу.
- Сот және құқық қолдану тәжірибесін жинақтау.

Нәтижелері

Қазақстан Республикасының заңнамасында терминдік сәйкессіздіктер тек теориялық мәселе болып қалмай, тәжірибеде нақты құқықтық қақтығыстар мен түсінбеушіліктер тудырады. Мұндай мысалдарды бірнеше бағыт бойынша көрсетуге болады.

1. Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстеріндегі сәйкессіздіктер:

ҚР Қылмыстық кодексінің [3, 46-бап] «Бас бостандығынан айыру» жөніндегі 2-бөлігінде «он сегіз жасқа толмаған, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жалпы немесе күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады» деп көрсетілген. Алайда, 2014 жылдан бастап тәрбиелеу колонияларында жалпы немесе күшейтілген режим жоқ. Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық-атқару кодексіне [4, 86-бап] сәйкес тәрбиелеу колониялары кәмелетке толмағандарға арналған орташа қауіпсіздік деңгейіндегі мекеме ретінде сипатталады. Осы кодекстердегі терминологияның үйлеспеуі құқықтық түсінбеушіліктерге жол ашып, сот тәжірибесі мен атқару органдарының жұмысына кедергі келтіреді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау қазақ және орыс тілдеріндегі құқықтық мәтіндерде терминдердің бірізді қолданылмауы жүйелі сипат алатынын көрсетті. «Мотив» терминінің әртүрлі аудармасы бар. ҚР Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында «мотив» сөзі «уәж», ал басқа баптарында «себеп» деп аударылған. Мысалы:

- Бір бапта: «пайдакүнемдік уәжбен жасалған қылмыс»
- Басқа бапта: «пайдакүнемдік себеппен жасалған әрекет»

Терминологиялық сөздікте «уәж» – «довод», ал «мотив» – «себеп» деп көрсетілген, бұл айырмашылық құқықтық ұғымдардың шатасуына әкеледі. «Правомерность» термині әркелкі берілген, заң актілерінде «құқыққа сыйымдылық», ал басқа нормаларда «құқықтық дұрыстығы» деп аударылған. Мысалы:

- «әрекеттің құқыққа сыйымдылығын бағалау»,
- «шешімнің құқықтық дұрыстығы тексеріледі».

Бұл аудармалық айырмашылық заң нормасының біркелкі түсінілуіне кедергі келтіреді.

«Личность» терминінің әртүрлі аудармасына келетін болсақ, ҚР Қылмыстық кодексінде «преступления против личности» тіркесі қазақ тілінде «жеке адамға қарсы қылмыстар», ал басқа нормативтік актілерде «тұлғаға қарсы» деп аударылған. «Тұлға» –

құқық субъектісі, ал «жеке адам» – әлеуметтік-биологиялық ұғым, бұл айырмашылық құқықтық мазмұнды бұрмалайды.

Ал «Деяние» және «вина» терминдері кейде «әрекет», кейде «іс-әрекет», ал жекелеген жағдайларда «қылық» деп аударылған. «Вина» термині кей баптарда «кінә», ал басқа нормаларда «айып» деп берілген. Мысалы:

- «қылмыстық айыптың нысаны»,
- «кінәнің қасақаналық түрі».

Бұл тұрақсыздық қылмыстық жауаптылықтың мазмұнын нақты түсінуге кедергі келтіреді.

3. Құқықтық және әкімшілік нормалардағы сәйкессіздіктер:

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі [5] «ақыл-естің дұрыс еместігі» (невменяемость) ұғымы Қылмыстық кодексте «есі дұрыс еместік» деп берілген. Бұл екі кодексте бір заңдық құбылыс қарастырылғанымен, қазақ тіліндегі атаулар әртүрлі. Сондай-ақ, «должностные лица» термині Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде «лауазымды адам» деп аударылған, ал дұрыс аудармасы – «лауазымды тұлға», өйткені «адам» мен «тұлға» сөздерінің құқықтық мәні әр түрлі.

4. Мазмұндық сәйкессіздіктер:

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінде [4, 86-бап] 4-бөлігінде қамалған айыпталушының құқықтары әртүрлі интерпретацияланған. Бір бапта айыпталушы бір айда тек бір затқа ғана құқылы делінсе, тәжірибеде барлық үш затты алу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл заң мәтіндеріндегі нақты емес тұжырымдамаға мысал.

Талқылау

Заң мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару тәжірибесі Қазақстанда әлі де толық жүйеленбеген. Аударма сапасы құқықтық нормалардың дұрыс қолданылуына тікелей әсер етеді, себебі бір тілде түсінікті норма екінші тілде бұрмаланып берілуі мүмкін. Осы бөлімде біз аударма үдерісінің негізгі проблемаларын және оларды шешу жолдарын қарастырамыз.

1. Аудармадағы негізгі мәселелер:

- Терминологиялық сәйкессіздік: кейбір заңдарда бір ұғым әртүрлі сөздермен берілген (мысалы, «мотив» – «уәж» немесе «себеп»).
- Сөйлем құрылымындағы күрделілік: ресми құжаттарда құрмалас сөйлемдер көп, оларды біртұтас аудару қиындық туғызады.
- Кейбір сөздердің қазақ тілінде баламасының жоқтығы: бұл жағдайда терминді қолдану немесе жаңа атау ойлап табу қажет.
- Лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді ескермеу: сөздердің нақты мәнін бұрмалауы мүмкін.

2. Аударма процесін жетілдіру жолдары:

- Лингвистикалық салыстыру: орыс және қазақ тілдерінің құрылымы мен стилистикасын салыстыра білу.
- Ресми құжаттарға тән тілдік заңдылықтарды меңгеру: нормативтік актілерге тән арнайы сөз тіркестерін дұрыс қолдану.
- Күрделі сөйлемдерді оңтайлы аудару: сөйлемді бөліп, әрбір құрамдас бөліктің мағынасын сақтай отырып аудару.
- Жаңа терминдерді қалыптастыру: баламасы жоқ сөздерді нақты және түсінікті түрде енгізу.
- Аударма технологияларын қолдану: компьютерлік құралдар мен тілдік базаларды пайдалану арқылы аударма сапасын жақсарту.

3. Мемлекеттік тілдегі бірізділікті қамтамасыз ету: Құқықтық мәтіндерді қазақ тілінде дұрыс беру арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Заңдардың мазмұнын дұрыс түсіну және қолдану.
- Сот және атқару органдарында құқықтық қақтығыстарды азайту.
- Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және ұлттық құқықтық мәдениетті нығайту.
- Құқықтық нормалардың бір тілден екінші тілге дәл әрі толық аударылуын қамтамасыз ету.

Қорытынды

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы заң мәтіндерінде қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалардың бірізділігі толық қамтамасыз етілмегені байқалады. Мысалы, кейбір заң актілерінде бір тілде қолданылған термин екіншісінде әртүрлі аударылған немесе баламасы дәл келмейтін жағдайлар кездеседі, бұл заң мәтіндерінің түсінілуіне және қолданылуына кедергі туғызады. Бұл жағдай құқықтық нормалардың дұрыс қолданылуына, заңдардың түсінікті болуына және мемлекеттік тілдің мәртебесіне кері әсер етеді.

Негізгі қорытындылар:

1. Терминологиялық сәйкессіздіктер: кейбір заңдарда бір ұғым әртүрлі сөздермен беріледі. Мысалы, «мотивация» – «ынталандыру», «әрекетке жетелеу», «қабілет арттыру факторлары»; «легитимность» – «заңдылық», «құқықтық негізділік», «құқыққа сәйкестік»; «стратегия» – «жоспарлау тәсілі», «мақсатқа жету жолы», «тәсілдер жүйесі»; «процесс» – «үрдіс», «жүзеге асыру кезеңдері», «әрекет тізбегі»; «критерий» – «бағалау өлшемі», «шарт», «негізгі көрсеткіш». Бұл құқықтық түсінікті шатастырады және нормативтік актілердің қолданылуында қиындықтар туғызады.

2. Сөйлемдік құрылымдардың күрделілігі: құрмалас сөйлемдер мен ұзын мәтіндер аударманы қиындатады, кейде заң мәтінінің мәнін бұрмалауға әкеледі. Мысалы: «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Жалпы бөлімі 6-бабы «Азаматтық заң қалыптарының түсінілуі» деп аударылған, ал оның орыс тіліндегі баламасы «Толкование норм гражданского законодательства» деген дерлік мағынаны білдіреді. Мұндағы “норма” сөзінің қазақша аудармасы «қалып» ретінде берілген, бұл аударманың заң мағынасына сәйкес келмей, заң нормасының мәнін бұрмалауға әкелуі мүмкін»

3. Баламасыз сөздер мен жаңа терминдер: кейбір ұғымдарға қазақ тілінде тура балама жоқ, сондықтан жаңа терминдерді ойлап табу немесе сөзді сол күйінде қолдану қажет.

4. Аударма технологияларының жетіспеушілігі: аударма процесінде заманауи құралдар мен тілдік база жеткілікті деңгейде қолданылмай отыр.

5. Мемлекеттік тілдің мәртебесі: заң мәтіндерін қазақ тілінде дұрыс беру арқылы мемлекеттік тілдің құқықтық және мәдени рөлін күшейтуге болады.

Ұсыныстар:

1. Заң мәтіндерін аударуда терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ету үшін арнайы терминологиялық сөздіктер жасау.

2. Құқықтық құжаттарды аударуда күрделі сөйлемдер мен мәтін құрылымдарын дұрыс бөліп аудару әдістерін қолдану.

3. Аударма процесіне заманауи технологияларды енгізу және тілдік базаларды пайдалану.

4. Аудармашылардың кәсіби біліктілігін арттыру және оларды құқықтық мәтіндердің спецификасын меңгеруге үйрету.

5. Мемлекеттік тілде заң мәтіндерінің сапасын бақылау үшін арнайы мониторинг жүйесін енгізу.

Осы шаралар арқылы заң мәтіндерінің қазақ тіліндегі сапасын арттыруға, тілдік сәйкессіздіктерді азайтуға және құқықтық мәдениетті нығайтуға болады. Заңдарды екі тілде дұрыс және бірізді беру тек құқықтық міндет емес, сонымен қатар ұлттық тілдің дамуына, мәдениет пен руханияттың жаңғыруына үлес қосатын маңызды құрал болып табылады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1997, 11 шілде). № 151 Заң. Астана: Әділет. 2025 жылғы 18 қарашада алынды: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z97000151>
2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі. (2009, 22 маусым). Конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау № 09-5/1. Астана: Әділет. 2025 жылғы 18 қарашада алынды: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K0900009>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. (2014, 3 шілде). № 226-V ҚРЗ. Астана: Әділет. 2025 жылғы 18 қарашада алынды: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000226>
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. (2014, 5 шілде). № 234-V ҚРЗ. Астана: Әділет. 2025 жылғы 18 қарашада алынды: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000234>
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. (2014, 5 шілде). № 235-V ҚРЗ. Астана: Әділет. 2025 жылғы 18 қарашада алынды: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000235>
6. Дулатбеков, Н. О., Биебаева, А., Сыздық, Б. Қ., Божқараұлы, А., & Қызылов, М. А. (2008). Би сотының жаңғыруы және ұлттық дәстүрлер: құқық шығармашылығы және әлеуметтік тәжірибе. Қарағанды: Болашақ-Баспа.
7. Заң газеті. (2008, 12 қараша). Болашақ заңгердің құқықтық әліппесі. Заң.

References:

1. Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1997, July 11). Law No. 151. Astana: Adilet. Retrieved November 18, 2025, from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z97000151>
2. Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan. (2009, June 22). Message on the state of constitutional legality No. 09-5/1. Astana: Adilet. Retrieved November 18, 2025, from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K0900009>
3. Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. (2014, July 3). Law No. 226-V. Astana: Adilet. Retrieved November 18, 2025, from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000226>
4. Criminal Executive Code of the Republic of Kazakhstan. (2014, July 5). Law No. 234-V. Astana: Adilet. Retrieved November 18, 2025, from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000234>
5. Code of Administrative Offences of the Republic of Kazakhstan. (2014, July 5). Law No. 235-V. Astana: Adilet. Retrieved November 18, 2025, from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000235>
6. Dulatbekov, N. O., Biyebayeva, A., Syzdyk, B. K., Bozhkarauly, A., & Kyzyllov, M. A. (2008). Revival of the biys court and national traditions: Lawmaking and social experience. Karaganda: Bolashak-Baspa.
7. Zakon Newspaper. (2008, November 12). The legal alphabet of a future lawyer. Zakon.

Information about the authors:

Kapezov D. Sh. – Master's degree holder in Law, Turan-Astana University, Astana, Kazakhstan; e-mail: damir.kapezov.04@bk.ru

Zhuanyshpayeva S. Zh. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Practical Kazakh Language, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavl, Kazakhstan; e-mail: samal500@mail.ru

Auganbayeva M. S. – Senior Lecturer of the Department of Practical Kazakh Language, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavl, Kazakhstan; e-mail: marhaba75@mail.ru

Aubakirova A. E. – corresponding author, Senior Lecturer of the Department of Practical Kazakh Language, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavl, Kazakhstan; e-mail: aidaaybakirova@mail.ru